СЕМЕЙ

таны

Бақыт Рүстемов 1952 жылы Өзбекстанда туған. Мамандығы бойынша экономист. КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Семей өңіріне іс сапарға келіп, «Алаш арыстарының ізі қалған киелі шаңырақ «Семей таңына» соқпай кете алмадым» деп орта бойлы, ақ сары жүзді жігіт ағасы редакция табалдырығын ақжарқын қоңілмен аттады. Өзбекстанда туып, қазақ, орыс, өзбек тілдерімен қатар сусындап өскен Бәкең, ел Тәуелсіздігін алған жылдары ата жұртқа алғашқылардың қатарында оралған қандастардың бірі. Қазір мемлекеттік құрылымда қызмет етеді - ҚР Президенті Әкімшілігінің ақпараттық-сараптау орталығының сараншысы.

Б.Рүстемовтің алғашқы материалдары, әңгімелері мен өлеңдері 1974 жылдан бастап газеттер мен журналдарда жариялана бастады. Өз шығармаларында ол еңбек адамдары, олардың тағдыры жайлы сыр шертеді. Оның көптеген марапаттамалық, зерттеу, тарихи, этнологиялық, публицистикалық материалдары саяси, экономикалық, әлеуметтік тақырыптарды қамтиды, еліміздің Тәуелсіздік жылдарында қол жеткен жетістіктері жайлы сыр шертеді. Ол «Көне жер тарихының сыр шертуі», «Елімнің алтын шаңырағы» және «Әлемнің тылсым дүниелері» атты кітаптардың авторы.

Биыл Б.Рүстемов журналистика саласында, жазушылық жолда атқарған қызметінің 30 жылдығын атап өтеді. Желтоқсан айында 55 жасқа толатын Бақыт Төлегенұлының бір топ өлеңдерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Поэзия

Қателік бар, адасу бар өмірде.
Сен бақытты болсаң болды мен үшін,
Сен де тіле бақытымды менің де.

Ақ алтын

Құтты болсын ақ алтынды - «Аралым»,
Мен өзіннің бір перзентің - маралың.
Ақ мақтадан ірге қалап жатасың,
Ақ пейілдің ақтарғандай парағын.
Мақталысың, мақтанымсың өңірім,
Жиын-терін думаны көп көңілің.
Ақ алтының елдің бағы, байлығы,
Аты еңбек - берекелі өмірің.
Айналдым мен мақталы жер - төрінен,
Мақташының моншақтаған терінен.
Әр сабақтың әр қозасы - ақ мақта,
Не аяйды еңбекші жұрт елінен.
Ақ алқапта көк кемелер жүзуде,
Қозалардың басын қағып үзуде.
Шаблан мен Жұмақұлде тыным жоқ,
Жастар да сол қалмай қатар түзуде.
Алтын қолмен теріледі ақ алтын,
Таң ағарса көк аспанға қонар күн.
Ұл менен қыз ақ мақталы алқапта,
Жарқыл қаққан жұлдыздары жанар түн.
Жетісай мен Мақтаарал - мақтаным,
Мақтанатын, қуанатын шақтамын.
Түркістаным, Бөген, Келес, Сарыағаш,
Ашылсыншы ақ мақтамен бақтарың!

Көкірегіме нәр толсын !

Қайран жастық қайдасың,
Алыстап қалған өрімде?
Қайран күшім қайдасың,
Қайырған жігіт белін де?
Көбейту үшін жан басын,
Сапасыз сан боп не қажет?
Әркім сүйрер арбасын,
Қолдамасаңыз не әжет.
Шақшадай бас шарана,
Қамалып жатыр ауыл қос.
Ауыр дертпен жарана,
Айналып жатыр бауыр, дос.
Қанша шүкір десем де,
Тартатын алға хадім жоқ.
Өрімдей кейбір жігітте,
Бойда жігер, жалын жоқ.
Ұл мен қызым - қазығым,
Сарқылмас өмір - азығым.
Осы менің үмітім,
Осы тілек - жазығым.
Арқа сүйер адам жоқ,
Кеңесті берер кімге кім.
Сондықтан болар мазам жоқ.
Ұйқысыз өтті түндерім,
Алла маған жар болсын,
Ұрпағым өскен бар болсын.
Намыс,ұят,ар болсын,
Көкірегіме нәр толсын!

Ауылым-аңсарым

Жеруйық десе де сымбатты,
Туған жер-бесігім қымбатты.
Сол өңір гүл өмір сыйлаған,

Сағынған көңілді жырлатты.
Алыстап еркелі құлын шақ,
Мінез де қалған жоқ ұрыншақ.
Сағынсақ ауылдың оттарын,
Сол ғана жылытсын жылынсақ
Кең дала құшағы бауыры,
Көк майса ақ нөсер жауыны...
Кіндігім кесілген жерім сол,
Қазақтың көдімгі ауылы.
Көрсе де уақыттың ауырын,
Осындай дос, туыс, бауырым.
Жырақтап кеткендер бір мен бе?..
Сағынып жетермін ауылым!
Көңілге қондырған қаяу мұң,
Бір таңға бүгін де оянын.
Бір үй өзінде ауылым...
Сөндірме ошағын, аяулым!

Ана құшты баласы мен кітапты

Қанша шашы ағарды бұл ананың,
Көрген кезде қиналғанын баланың.
Жолын таппай жанталаста кешті ол,
Құрсауынан шыға алмай сананың.
41 күн... Әке жаны сыздады,
Жібімеді қатал үкім мұздағы.
Қырық екі... Жайлап атты тағы таң,
Үміт оты күн боп шықты құздағы.
Арман еді бір кітабы болғаны,
Арман еді бақытының жанғаны.
Батқан кезде сырқатымның салмағы,
Өмір біткен сияқтанды алдағы.
Бір жалғызы болды екі бұтақты.
Ұзақ тұрды...
Жалбарынып Аллаға,
Сосын өзін: «Тәубе!» сөзбен жұбатты.

Үш қасиет

Өмірде бұл айналаның бәрі тылсым
қарасаң,
Біріменен келісемін біріменен таласам.
Қалғымайтын осындайда ойың болсын
санаңда,
Адам деген - ұлы ұғым, егер соған
жарасаң.
Иттің саны көбеймейді туса да ол
мол қылып,
Кей істері жүрген шығар сондықтан да
қор қылып.
Ал қой деген аз қоздайды, бірақ саны
иттен көп,
Оның аты береке мен таусылмайтын
молшылық.
Ит тірлігі - қу сүйек пен қазан басын
жағалау,
Қасиетсіз сондай тірлік кейбіреуге
қонады-ау.
Төккен жерден тамақ теріп, қоржын
ұстап жүргені,
Өртеніп бір отқа күйіп намысын да
жанды-ау.
Бұл өмірдің кім болжайды ертеңдерін
бал ашып,
Ит мінезді адамдар жүр аяқ асқа
таласып.
Өңдерінен көрінбейді кісіліктің нышаны,
Жанарынан өлімсіреп сәуле шашар
қарашық.
Қосылмайды екі иттің басы солай бір
жерге,
Өмір -ғайып...
Сондай кезде бірін-бірі іздер ме?
Адамдарға жұғыспайтын кім берді бұл
қылықты,
Қандай сайтан мұра қылып тастап
кеткен біздерге?!
Үш қасиет-дәл осындай мінездері
иттердің,
Сыртында ол қалған жандар жаманы
көп өткелдің.
Ал қойда да үш қасиет бар екенін
біліңіз...
Түп-тамырын тым тақырлап жеп
кетпейді шөптердің.
Ырыздықтың түп атасы - қанағаттан
тұрады.
Кейінгіге,бұйырады көде мен
көл құрағы.
Екі отар қой екі қырда жүргенімен
жанасып,
Маңыраудан білінеді амандығын
сұрауы.
Бір қой жолдан өтер болса қарап
тұрмас басқасы,
Бөгет емес тоғытса да өзен-көлдің
тоспасы.
Сыйлы жерде бауыздауға бейіл болып
тұрады,
Келген ғой деп қонақ қылар қадірлесі,
достасы.
Білгендерге бұл-дағы бір өмір - өлшем
сабағы,
Зерделі жан көңіл қойса керектерін
табады.
Ит тірлікті ғұмыр - зая...
Мәңгі баян - береке!
Содан ғана адамзат бұл бар керегін
алады.

Ата-ана туралы толғау

(Терме)

Өмірде өтеу-парыз сұрамайтын,
Сатпайтын тәрбиесін, тәлімін де
Әкең ол - асқар тауың құламайтын,
Анашың -алтын бұлақ бәріннің де.
Тәй-тәйлап жүрсең олар қуанады,
Сүрінсең жанарларын су алады.
Тіреп сен тұрсаң дағы дүниені,
Сонда да сені ойлап қиналады.
Еркелеп артық кетпе ата-анаңа,
Қашанғы болар олар саған пана.
Ал енді шамаң келсе қуанта бұл
Боларсың елің сүйген сонда дана.
Бала боп ойнаған ең қыр төсінде,
Жүрсіндер енді өрлік өлкесінде.
Халқыңа қылғаныңмен қанша еңбек,
Өтемес ата-ананың бір кешін де.
Жарыңды қалай сүйсең жарасады,
Қарттарды сыйламаған адасады.
Ақ жолын ата-ананың жалғастырсаң
Дос түгіл дұшпаның да санасады.
Ата-анам, асылдарым, айбарымсың,
Күн сайын аят қылып айтарымсың.
Сағынсам құшақтарың даламдай кең,
Тарылмас елім, жұртым, байтағымсың!

Анама

Ойлармен түстім қиялға,
Анадан артық жан бар ма?
Арманым қалды ұяда,
Қырандар салған заңғарда.
Ақ төсің еді нәр берген,
Қолдарың бесік тербеткен.
Өмірге тыныс - әр берген,
Кем болмайтын шербеттен.
Өмірді маған сыйладың,
Айналып талай оралдың.
Қиналсам бірге қиналдың,
Жаныммен қайта жаралдың..
Әлдилі жаттап жырыңды,
Өстім мен анам - жан бағым.
Жүрсің-ау күтіп ұлыңды,
Түгендеп алған жан-жағын.
Сонда да сан ой қинайды...
Бұл ұлың әлі бала ма?
Құшағыңа сыймайды,
Сыйғанмен дархан санаңа.
Анасың бірақ мәңгілік,
Ақ төсің менің бұлағым.
Әрқашан атсын таң күліп,
Сөнбейтін сенсің шырағым.
Қыранша баулып өсірдің,
Қиядан биік ұшырдың.
Абзалым - анам өзіңе
Бір ұлың болып ұсынадым!.
Ғаламда барлық аналар,
Жеткізер сенім санаға.
Сәбилер барып паналар,
Адамзат, бас и Анаға!
Келем мен тербеп сымды,
Сендегі үміт ақталар.
Жасаймын әлі тойымды,
Мәңгілік есте сақталар.

Ақ таң - өмір парағы

Өмірдің бұл әрбір атқан ақ таңы,
Жылдар көші ұзап бара жатқаны.
Балалық шақ қолын бұлғар мұнартып,
Үрей салар қызарып күн батқаны.
Өмір осы...
Сүре біл сен өкінбей,
Болаттай бол тасқа салса кетілмей!
Өмір мәнсіз, сәнсіз болса - ол деген
Жазуы жоқ ақ қағаздың бетіндей.
Өмірге бұл сын көзімен қарасаң,
Әрбір күнін тарағыңмен тара сан.
Істеген іс, жақсылығың түзілер,
Солай деуге ел алдында жарасаң.
Тіршілікте бір ақиқат бар екен,
Өмірге бұл келу, кету - заң екен.
Адамзаттың арты нұрлы жол екен,
Жеткен жері - құлап түсер жар екен.

Жүректегі жылы сөз сізге арналар

Жолы басқа әр елдің, тұстары да,
Шырқап жатар сол тілде құстары да.
Бидай өсер мақта да өз жерінде,
Неткен дәмді бау-бақша Тұттары да.
Салты басқа әр елдің әні басқа,
Басып қойған секілді мөрді тасқа.
Өз жолымыз жөніміз болса-дағы,
Бауыр басып жүреміз екі қасқа.
Болғанымен біздерде шекаралар,
Жүректегі жылы сөз сізге арналар.
Бәріміздің қандырып шөлімізді,
Ортамызда - Сырдария! - мол ағылар.

Достық жыры

Дос деген - жарасқандық, мәнді ғұмыр,
Ұл мен қыз жарасатын сәнді ғұмыр.
Дұшпанға тізгін бермес бірлік осы,
Ғұмырын бір күн емес, мәңгілік қыл.
Достықтың түрі көп қой бұл өмірде,
Біреуі тұрады екен жүрегінде.
Біреуі бастап тұрар ізгілікке,
Қамқоры қолдан келсе білегінде.
Достықты пайдаланса өз пайдаңа,
Жиналмас жақсы адам айналаңа.
Жетіп бір орындалса ойлағаның,
Ұзаққа созылмайды тойлағаның.
Достықтың бастамасы - үйің, төрің,
Жарасты отбасыңа сүйінгенің.
Ауыз -ас, тоқшылықпен жүрген күнің,
Өзгеден төмен қалмай киінгенің.
Жарың дос тең келмейтін адал болса,
Жекжат дос ақ тілекпен қатар қонса.
Ауылдас, қызметтес - бәрі досың,
Достыққа лайық деген назар болса..
Осындай дос дегендер мен білетін,
Жылы сөйлеп жүрекке ендіретін.
Ол жас пен сақалыңа қарамайды,
Жүрегің таза болсын сендіретін

Қаймыққан күндерім

Сені ойлап қиялға батқанда,
Түн сұлу жұлдызын жаққанда.
Тізгінін тарта алмай бой - денем,
Хош күйге кетемін жатқанда.
Серпілмей бір салмақ батқандай,
Аспаным өз айын тапқандай.
Елестеп арманым тұрасың,
Жұлдызы көгімнің аққандай.
Қаймығып қалған бір күндерім,
Естілмей қалған көп үндерім.
Кеудеме сыймай тұр сол сәттер,
Бағынып еркіме бір менің.

Туған жер сағынышы

Шыр етіп түскен жер қымбатты...
Ауылым, аяулым, сымбатты.
Өмірдің өсігін ашқан сен,
Көңілді тоқытты, жырлатты.
Кетпейді есімнен бұла күн,
Жандырған қиялдың шырағын.
Құлындай қырында жүгірдім,
Ауылым - қәусарым, бұлағым.
Сағындым жауының дауылын,
Сағындым дос құшақ - бауырын.
Алыстап кетті деп жүрсің бе,
Оралам өзіңе, ауылым!
Ауылым -аңсарым, аяулым,
Өзінен нәр алдым, ой алдым.
Жетермін бір күндер сағынтып,
Ат басын бұрып ап қиялдың!

Тәуекел

Тәуекелшіл болған бізге жағама?
Бақыт оты лаулап бізге жанама?
Сүріншек ат алыс жерге бара ма?
Жанбас ағаш айналады шалаға.
Көңіл кейде жел қайықтай ұшады,
Құрбыларым кең құшағын ашады.
Сеніп қалып құдіретіне тәуекел,
Азаматтар әдетке сол басады.
Тәуекелдің пайдасы да болады,
Жақсы - жаман істерінде қалады.
Бірақ сондай көзсіздікте опа жоқ,
Озады тек сабырлы мен саналы.
Тәуекел ол - емес желкен қайығын,
Тайталасқан өмір атты ойының.
Ақылмен шеш нені болсын, ей адам,
Таразыға салсын ойың - пайымың.

Жастық шақ

Жастық шақ бұл жалпы өмірдің
ақ таңы,
Жасыл бақтың, жайқалып бұл жатқаны.
Қызыққа мол тартысқа мол күндер-ай,
Күнге себеп, таңның қалай атқаны.
Келер күн ол ақ қағаздың бетіндей,
Жазылмаса, көзге ілінбес жетімдей.
Жазу керек ,күн егесі адамдай,
Бекер күндер, өртеп жүрер өртіндей.
Әр күніне, сын көзіңмен қарасаң,
Өткен жылды, тарағыңмен тарасаң.
Өміріне еге болып алғаның,
Сүрінгенді сүйеуге сен жарасаң.
Жастық шақ бұл жауқазынғой
ашылған,
Таланттарың сан қызыққа, шашылған.
Жастық шақ бұл ең алғашқы махаббат,
Сүйем деген сөзді *айтылмай ашынған.
Табиғатта, бірақ шындық бар екен,
Келуің мен, кетуің де заң екен.
Әр қимылы, көз алдында адамның,
Жақсылық пен, жамандыққа сол мекен.
Ұмытуға- бұл заңдарды болмайды,

Ал ұмытсаң, көңіл гүлге толмайды.
Ойланып сен, өткен күнді еске алсаң,
Жастық шағың, сары алтынға
қалмайды.
Жұмыс, арман, сүю, күрес бітпеген,
Олай болса іс қылма сен күтпеген.
Өзіңдей ғып басқаларды сыйласаң,
Төр сенікі жаман көзі жетпеген.

Алматы - Ақтау

Ұшып келем, қос қанат аясында,
Қазағымның кең байтақ даласында.
Жетсем екен аңсаған арманыма,
Құдай - әруақ қолдаса саясында.
Сырты суық ұшақтың минус - елу,
Он бір шақырым биіктік, неткен ену.
Сегіз жүз жылдамдықпен сағатына,
Мініп келем арманымның қанатына.

Мәңгі бақыт тұра ма?

Тең санасаң, ондайыңа мен дайын,
Тимесін тек тауға, тасқа маңдайың.
Елемесең одан қиын жол бар ма?
Достыққа да бұдан былай жөн бар ма?
Өтінерім, досым, серттен айныма,
Мен ортақпын қуаныш пен қайғыңа.
Кешіре біл кей жандардың қылығын,
Салмақ қылып артпау үшін мойныңа.
Бақыт деген тұра бермес жолында,
Ұстай білсең қалар мәңгі қолында.
Түсінбестік - ақылға бұл тоқтамау,
Қор болатын намысың да, арың да.
Досым болсаң, кешірімді бола гөр,
Жақсы сыйын өмірдің бұл ала бер.
Дүние-байлық- қолдың кірі білсеңіз,
Дегейсің сен ақыл ой мен сана бер.
Дей көрме тек ескі әуен - баяғын,
Тасқын селге беріспейді ой-ағын.
Жалған сөздер жортуы көп жылан ол,
Бір күндері көрсететін аяғын.
Қолын созып арманың тұр алдында,
Шуақ шашып, күн боп егер жандың ба?
Бақытың ол - шын сенісу досыңа,
Тегісі де сүріндірер жолдың да.
Досың жоқта қай кезде де жартысың,
Ауыр салмақ қайыстырар нар күшін.
Бір басыңды биік қойма өзгеден,
Ондай сәтте дарақ ағаш - жалқысың.
Тұманданар кейде мынау көңіл де,
Қателік бар, адасу бар өмірде.